

Ленин

КК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ КК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№184 (8644)

Сейсенбі 18 сентябрь 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Екпінді онкүндікті үлгілі өткізейік!

КК(б)П облыстық комитеті жариялаған екпінді онкүндіктің бүгін 4-күні. Онкүндікте партия, совет ұйымдары мен жер ирундары қызметкерлерінің және егіншілеріміздің алдына қойылған айбынды міндет—мемлекетке астық тапсыру қарқынын еседеп күшейту және егін ору мен маялауды аяқтау болып саналады.

Бұл міндетті орындауға әрбір колхоздың, совхоз бен МТС-тың мүмкіншілігі толық. Облысымыздың көптеген колхоздары онкүндіктің алғашқы күндерінде ақ мемлекетке астық тапсыру жөніндегі сентябрь айының жоспарын толық орындау үшін, егін ору мен маялау жұмыстарын тез арада аяқтау үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмсап, егін жыйнау жұмыстарының қарқынын күшейте түсті. Мәселен, Октябрь ауданындағы «Социалистік», «Красная поляна», Полудень ауданындағы «Новое поле», «Стахановец» колхоздары мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын толық орындады. Бұлардан басқа да бірнеше колхоздар егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыруда жұмыс қарқынын күшейтіп, зор табыстарға ие болды.

Дегенмен, облысымыздың барлық колхоздарында бірдей егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқыны күшейе түсті деуге болмайды. Әреге мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқыны тіпті баяу болып отыр, бірсыпыра аудандардың колхоз, совхоздарының басшылары мемлекетке астық тапсыру жоспарын деркөзінде орындау үшін шұғыл шара қолданбай отыр. Бірсыпыра колхоздардың басшылары соғылған астықты дереу дайындау орындарына жолдауды ұйымдастырмай дәрменсіздікке сағынып келеді. Олар «көлік жеткіліксіз» дегенді айтып, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік, онкүндік тапсырмалардың мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз

рынан облысымыз бойынша 15 сентябрьге дейін астық тапсыру жоспарын орындау 30 процентке де жетпеді.

Бұдан былай бұл жағдайға төзуге болмайды. Екпінді онкүндік кезінде әрбір колхоз бен совхоз мемлекетке астық тапсыру жөнінде белгіленген мөлшерде орындай ғана қоймай, артығымен орындау керек. Сөйтіп облысымыздың колхоз, совхоздары мемлекетке астық тапсыру жөніндегі сентябрь айының тапсырмасын 25 сентябрьге дейін орындауға тиіс. Аудан басшылары әрбір колхозда астық тапсыруың барысын бақылап, бұл жұмыстың ұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге, сөйтіп әрбір колхоз бен совхоздың астық тапсыру жоспарының толық және артығымен орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Әрбір колхоздың мемлекетке астық тапсыру жұмысына қатыспаған жағдайы тексеріліп, мемлекет тапсырмасын орындауға жауапсыз қараушылыққа тыйым салынсын.

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру—егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының табысты болуын шешеді. Сондықтан егін ору, маялау астық бастыру, мемлекетке астық тапсыру және басқа ауыл шаруашылық жұмыстарын ұшқыр жүргізу керек. Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі белгіленген мөлшердің орындалуы астық бастыру жұмысының айдайдай жүргізілуіне тікелей байланысты. Осы себепті әрбір колхоздың басшылары астықтың шапшаңдатылған әдіспен бастырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Облысымыздың колхоз, совхоздары мемлекетке астық тапсырудың август айындағы жоспарын орындай алмады. Сентябрь айында да астық тапсыруда мүлде артта қалды. Облысымыздың партия, совет ұйымдарының, колхоз, совхоз басшыларының бүгін таңдағы кезек күттірмей-

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Президиумында

Еңбекшілердің жұмыс жағдайын мейлінше жақсарту, тұрмысы және мәдени хажетін өтеу туралы

31 августа кәсіпшілер одақтары Орталық Комитеттерінің председателдерімен бірге Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советі Президиумының мәжілісі өткізілді. Мәжілісте жұмысшылардың, қызметшілердің жұмыс жағдайын жақсарту, тұрмыс және мәдени хажетін өтеу жөнінде кәсіпшілер одақтары ұйымдарының міндеттері талқыға салынды.

Мәжілісті Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Председателі В. В. Кузнецов жолдас ашты.

—Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің XIII пленумы,—деді Кузнецов жолдас,—кәсіпшілер одақтары ұйымдарынан өндірістегі еңбек жағдайын жақсарту күресін күшейтуді, жұмысшылар мен қызметшілердің тұрмыс және мәдени тілектерін орындауға неғұрлым қамқорлық көрсетуді талап етті. Отамыздың қаһарман жұмысшы табы соғыс жылдарында еңбек майданындағы ерлікті, жанқиярлықтың үлгілерін көрсетті. Қазір, соғыс аяқталып, неміс-фашист басқыншылар қыйратқан халық шаруашылығын қалпына келтіруге, онан соңғын өркендетуге кіріскеннен кейін, жұмысшылар мен қызметшілердің күнбе-күнгі хажетін өтеуге кәсіпшілер одақтарының ұйымдары ерекше көңіл бөлулері керек. Жұмысшылар мен қызметшілерді пәтер-үймен қамтамасыз ету, тұрмыс хажетін өтеу—аса маңызды міндеттердің бірі. Фабрика-завод комитеттері мен жергілікті комитеттер жанатап пәтер-үйлер,

Бүгін—екпінді онкүндіктің төртінші күні.

Егін ору мен маялауды тез арада аяқтап және мемлекетке астық тапсыру қарқынын күшейтіп екпінді онкүндікті үлгілі өткізейік!

Өнеркәсіп орындарында социалистік жарыс Жеңіске лайықты еңбек істеуде

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводтың коллективі республикамыздың 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысты өрістетіп отырып, сентябрь айының өндірістік жоспарын 105 процент орындауға міндеттенген болатын. Олар социалистік жарыста жұмысты үнемі бір қалыпты жақсы істеп, жоспарды күн сайын, апта сайын толық және артығымен орындау нәтижесінде сентябрь айының 10 күндік өндіріс жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындады.

Жеке пехтар мен бригадалар, жұмысшылар арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы ұдайы шығарылып отырады. Алдыңғы қатарлылардың тәжірибелерін бүкіл коллективтің игілігіне айналдыру жөнінде тынбай жұмыс жүргізілуде. Мұның нәтижесінде завод жұмысшыларының көпшілігі дерлік жұмыс

мөлшерін ұдайы артығымен орындауға тісті.

Завод коллективі Агарковтың жұмыс әдісін кең түрде қолдана отырып, шаттарды, отынды үнемдеу, станоктарды қуатын толық пайдалану жөнінде де елі табыстарға жетті. Мұның нәтижесі өнімнің түсер бағасы жоспар бойынша процент арзандатылудың орнына, 5 процент арзандады.

Губин жолдас бастық болып істейтін пехтың жұмысшылары Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас халыққа арнаған үндеуіне өндірістік жабыстарға жетуге жауап беруде бісыбана жұмыс істеп, күнделік жұмыс мөлшерін 107 процент орындап, социалистік жарыста бірінші орынға ие болды.

Е. ИМАНБАЕВ

Міндеттемеден тыс 25 мың сомның азық-түлігін өндіріп

Пан комбинатының коллективі Қазақ ССР-нің 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа қосылып, естахановтық қозғалысты өрістетіп түсті. Коллектив дақты мерекеге дейін 10 айлық жоспарды орындап шығу міндетін алған болатын. Бұл міндетті іс жүзінде орындап шығу үшін барлық мүмкіншілік пайдаланылуда.

Жоспар бойынша август айында 140 мың сомның азық-түлігін жасап шығаруымыз керек еді. Біздің коллектив бұл жоспарды 25 жұмыс күнінде 100 процент орындады. Бүгінгі күнге дейін 25 мың сомның продукциясын шығардық.

Комбинатта 150 жұмысшы бар. Оның ішінде жартысына жуығы естахановшылар

Исаев жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін 120 процент орындайды.

Мұндай табысқа жетуімізге ұйымдастыру, көпшілік-үгіт жұмысы зор себеп болды. Партия ұйымы әрбір пехқа үгітшілер тағайындады. Үгітшілер үнемі үкіметіміз бен партияның қаулы-қараларын жұмысшыларға түсіндіріп отырып, Осының арқасында артель мүшелері еңбек тәртібін берік сақтап, жұмыста бәсекеге жасамауға талаптанды.

Біз бұл табысты баянды етеміз. Алдағы уақытта бұдан да жақсы жұмыс істеу үшін барынша ынта-жігерімізді жұмсаймыз. Өйткені халықты сапалы азық-түлік қамтамасыз ету міндетін жақсы орындау біз үшін зор аброй.

А. ГЛАВНИН

астық тапсыру жөніндегі тапсырмаларды тек Петропавл ауданы ғана орындады.

Облысымыздың мемлекетке астық тапсыруда артта қалу себебі не? Оның себебі: кейбір аудандарымыздың, колхоз, совхоздарымыздың басшылары мемлекетке астық тапсыру жоспарының қанша зор саяси және шаруашылық маңызы бар екендігін әлі түсінбеген. Сондықтан олар егін жыйнау жұмысының алғашқы күндерінен бастап-ақ бұл жұмыстарды оқшаулыққа ұшыратты, сөйтіп мемлекетке астық тапсыру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етпеді. КК(б)Ш Конюхов аудандық комитетінің секретарі Сыромятников және аудандық совет атқару комитетінің председателі Крохин жолдастар тағы басқа кейбір аудандардың басшылары мемлекетке астық тапсыру жөнінде мәлімет жазып, тапсырма беру мен ғана шұғылданып, ол тапсырмалардың орындалуы үшін күрес ашпады, колхоз, совхоздардағы барлық мүмкіншіліктің егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына пайдаланылуын қамтамасыз етпеді. Олар егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында колхоз басқармаларына нақтылы басшылық көрсету орнына, төрешілікке, салынды. Сөйтіп, мемлекетке астық тапсыру жұмысын оңдылыққа ұшыратып, мемлекет алдында қылмыс жасады. Бұл жағдай Ленин, Преснов, Булаев және Мамлют аудандарында да көрсініп отыр. Осының салда

тазадайтын машиналардың, шалғылар мен орақтардың, көлік күшінің егін жұмыстарына тегіс пайдаланылуы қамтамасыз етулері керек.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында жүрген колхозшылар арасында саяси-көпшілік жұмысының пәрменді жүргізілуі істің табысты болуын шешеді. Сондықтан үгітшілер колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын үлгілі ұйымдастырып, қабырға газеттері мен жауынгерлік достовзаларды дер кезінде шығаруға, колхозшылар арасында газет оқып, оларды халықаралық жағдаймен таныстырып отыруға міндетті.

Әрбір коммунист, әрбір комсомол мүшесі, әрбір үгітші егін, трактор және тасымал бригадаларында, комбайн агрегаттарында болып, колхозшылар тракторшылар мен комбайншылар арасында саяси-көпшілік жұмысын жүргізулері керек. Олар колхозшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыратын болсын.

Екінші онкүндіктің аяқталуына алты күн ғана қалды. Әрбір колхозшы, МТС пен совхоздың әрбір қызметкері екінші онкүндік кезінде еңбек ерілігінің үлгісін көрсететін болсын.

Колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігі егін оруды, маллауды екінші онкүндік кезінде аяқтауға және мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқынын өсілең күшейте түсуге жұмсалсын!

И. В. Сталин Америка Құрама Штаттары Конгрессінің мүшелерін қабылдады

1945 жылғы 14 сентябрьде СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Америка Құрама Штаттары Конгрессінің мүшелері Уиллиам М. Кол. ер, Клиффорд Р. Хоуп, Джей Ле Февр, Сид Симпсон, Джесси, П. Уолкотт, Чарльз Уолвертон, Сэрвил Зиммерман мырзаларды, сол сияқты экономиканың саясат пен соғыстан кейінгі жоспарлау жөніндегі комитеттің зерттеу тобының директоры Мэрбей В. Филсом мырзаны, Гарвард университетінің профессоры, соғыс өндірісі Бюросының вице-председателі У. И. Эллиот мырзаны қабылдады.

Қабылдауда Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский және АҚШ-тың СССР-дағы іске сенімді Елшісі Кеннан мырза болды.

И. В. Сталин Америка Құрама Штаттарының сенат мүшесі Клода Пеппер мырзаны қабылдады

1945 жылғы 14 сентябрьде СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Америка Құрама Штаттарының сенат мүшесі Клода Пеппер мырзаны қабылдады.

Қабылдауда Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары А. Я. Вышинский және АҚШ-тың СССР-дағы іске сенімді Елшісі Кеннан мырза болды.

В. М. Молотов Италияның Лондондағы Елшісін қабылдады

13 сентябрьде СССР елшілігінде СССР Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Италияның Лондондағы Елшісі Карандениді қабылдады.

лы сөзсіз орындалуына күш салулары керек. Ең алдымен, әскери қызметшілердің үйлері, отан соғысының мүгедектері және Қызыл Армиядан босатылғандар тұратын пәтерлердің жөндеуін қамтамасыз ету керек.

Кәсіпшілер одақтарының Орталық Комитеттері мен фабрика-завод комитеттері, барлық кәсіп орындарында дұрыс мерзімді жұмыс күшінің неғұрлым тез белгіленуіне тырысып, кесімді уақыттан тыс жанпай жұмыс істеуді және демалыс күндері жұмыс істетуді жоятын болу керек. Жұмыс күнінің ұзақтығы, жұмысшылар мен қызметшілерге кезекті демалыс және апталық демалыс беру туралы,

кәсіпшілер одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің пәтер-үй-тұрмыс бөлімінің меңгерушісі Кургина жолдас, Кәсіпшілер одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің секретарі Тарасов жолдас және басқалары сөз сөйледі.

Кәсіпшілер одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Президиумы мүшесінің қорытындысында қабылдаған шешімдерінде еңбекшілердің тұрмыс және мәдени қажетін өтеу, еңбек жағдайын жақсарту жөнінде кәсіпшілер одақтарының орталық, облыстық комитеттері, фабрика-завод комитеттері және жергілікті комитеттері алдына қойылатын нақтылы міндеттерді көрсетті. (ТАСС).

С О В Е Т Т Е Р О Д А Ғ Ы Н Д А

ОРТА АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

ТАШКЕНТ, 9 сентябрь. (ТАСС). В. И. Ленин қол қойған нұсқау бойынша ұйымдастырылған Түрікстанның Мемлекеттік университеті жұмыс істей бастағалы 25 жыл толды, кейін бұл Орта Азия университеті болып аталды.

Университет Орта Азиядағы аса ірі оқу және ғылым орталығына айналды. Қазір оның қатарында 8 факультет бар. Оның ішінде — ғылым және биология факультеттері соңғы жылдары ұйымдастырылған. Университет 25 жылда 4 мыңнан аса мамандар дайындап шығарды.

СУДА ЖҰЗУ ЖӨНІНДЕГІ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ЖАРЫС АЯҚТАЛДЫ

МВОВ, 10 сентябрь. (ТАСС). Бүгін мұнда суда жүзу жөніндегі бес күнге созылған Бүкілодақтық жарыс аяқталды. Жарысқа еліміздің таңдаулы 400 шамалы спорт шеберлері: Москва, Ленинград, Куйбышев, Саратов, Киев өкілдері мен басқа қалалардың өкілдері қатысты. Бірінші орын алу үшін қажырлы күрес жүргізу нәтижесінде 602 сап алған Москва жүргіштері бірінші орын, 450 сап алған Ленинград жүргіштері — екінші орын алды.

Ауа райының қолайсыз болуына қарамастан, жарыстың түрлі учаскелері ойдағыдай нәтиже берді. Мәселен, москвалық Либель 1500 метр жерден 25 минут жүзіп келді. СССР чемпионы, москвалық Макарова еркін әдіспен жүзде арқамен жүзе отырып, 200 метр жерден 3 минут, 1,2 секунд жүріп келді. Дүние жүзілік рекорд жасаған Бойченко 100 метрлік жерге арқасымен 1 минут 15,4 секундта жүзіп келді.

АСТАНАНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ДӘРЕЖЕЛІ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫ АЯҚТАЛДЫ

10 сентябрьде астананың жоғарғы дәрежелі оқу орындарында қабылдау емтиханы аяқталды.

Москваның Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінде қабылдау емтиханына 2000дай қыздар мен жігіттер жіберілген болатын. Орта мектепті алтын және күміс медальдар алумен бітірген оқушылар мен Отан соғысына қатысушылардан 1000нан аса студент оқуға анысыз қабылданды. Оқушылардың көпшілігі заң, тіл, тарих және биология факультеттерінде оқығысы келеді. Әрбір бос орынға 6-7 өтініш түсті. Университеттің барлық факультеттеріне 1800 студент қабылданылады.

Москваның Молотов атындағы энергетика институтына 1000нан аса студент қабылданды. Оның ішінде алтын және күміс медаль алған 350 студент және Отан соғысына қатынасушы 160 оқу отличнигі бар. Жастардың көпшілігі радиотехника және электрофизика факультеттерінде оқуды өтінеді. Мұнда әрбір бос орынға кемінде бес өтініш түсті.

Москваның Бауман атындағы жоғарғы техникалық училищесі 600ден аса студент қабылдайды. Мұнда дәлме-дәл механика факультетіне түсуді өтінетіндер көп. Училищенің бірінші курсіне қазірдің өзінде 361 студент қабылданды. Жоғарғы курстарға 134 адам қабылданды.

Москваның Серго Орджоникидзе атындағы авиация институтына оқуға кіреміндегілерден 1400 өтініш түсті. 356 жігіт пен қыз институтке сынысыз қабылданды. Мұнда студенттердің көпшілігі самолет құрылысы, мотор құрылысы, авиация жабдықтау факультеттеріне қабылдауды өтінеді.

Жоғарғы дәрежелі оқу орындарының барлығында оқу 17 сентябрьде басталды. (ТАСС).

ОРАЛДЫҢ ЖАҢА СӨЗДІГІ

Оралдың харт өлке тексерушісі Анфиногенов 40 жыл бойы Оралдың жағрафиялық сөздігін жазу үшін жұмыс істеді. Қазірде Анфиногеновтың сөздігінде таулардың, шоқылардың, суаттардың, қыстақтардың тағы басқа жағрафиялық орындарының 34 мыңнан аса аты бар.

ШЕКСПИРДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЛИТВА ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

Жазушы Газис Борута Шекспирдің «Много шума из ничего» комедиясын литва тіліне аударды. Литва ақыны Хурги-

нас Шекспирдің «Гамлет» трагедиясын литва тіліне жаңадан аударды. (ТАСС).

жолдастар өзара социалистік жарысп, күнделік жұмыс мөшерін 1 цент орындауға міндеттенген еді. ва жолдас сентябрь айының 10 жұмыс жоспарын бір жарым есе орындап социалистік жарыста өзін таты.

Артель коллективі сентябрь 125 мың сомның ауыл шаруашырадарын жасап шығаруды міндет алып, жұмыс қарқынын күшейту м.

Ғкі жарым айлық жоспарды артық орындады

Петропавлдағы мемлекеттік сыра-сусынзаводының коллективі Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысты өрістету нәтижесінде июль және

август айларының және сентябрь күндік өндірістік жоспарларын мен орындады.

Т. ЕС

ЗАЙКОВО СЕЛОСЫ—БАТЫРЛАР ЖЕР

СВЕРДЛОВСКИ, 10 сентябрь. Советтер Одағының Батыры атрет алған Григорий Речкаловтың дестері бұл күнді салтанатпен аде. Атақты ұшқыш туып өскенселосының салынғанына 300 жыл. Бұл—облыстағы аса көне селоларуі Зайково селосынан шыққан о т а н ш ы л а р елінің үшін майдаандарда шайқасты. ішінде Советтер Одағының Бапанов және Старченков бар.

Ұлы Октябрь социалистік революциянан бұрын Зайково селосы артт ескерусіз селолардың бірі бол өкметі орнағаннан бері мұнда ктер болды: машина-трактор стаирылды, тамақ комбинаты ұйымды, колхоздың 400 киловат қу су электр станциясы салынып

ДРУЖКОВКАДА ТРАМБАЙ Қ

ДРУЖКОВКА (Сталин облыс сентябрь. (ТАСС). Мұнда 3,5 км трамбай жолын салу басталды.

Күн сайын жүздеген дружка құрылыс жұмыстарына шығуда ылысы үш учаскеге бөлінді. көлердегі жұмыс қаланың кәсірына бекітіліп берілді. Завод 2лары өздерінің негізгі жұмыстауақыттарында электр станциясыдықтарын дайындайды. Теміржрының жұмысшылары темір жмен шпалдар салуда.

5 декабрьде Дружковкада трамбай жүрмеш

Барлық күш-мүмкіншілік екпінді онкүндікті табысты өткізуге жұмсалсын!

Онкүндік кезінде егін ору мен маялау жұмыстарын аяқтамаған және мемлекетке астық тапсыру қарқынын мейлінше күшейтпеген бірде-бір колхоз немесе совхоз қалмасын!

онкүндіктің алғашқы күні

Совет ауданындағы «Мамғұл» ауыл шаруашылық артелинің (председатели - Сапбаев, жолдас) мүшелері РК(б)П облыстық комитетінің «Астық тапсыруды күшейту» егін ору мен егін маялауды аяқтау жөнінде онкүндік өткізу туралы қаулысына зор өрлеумен қарсы алды. Сөйтіп, олар онкүндіктің алғашқы күндерінен бастап жұмыс қарқынын күшейтті.

Колхоз онкүндіктің бірінші күні мемлекетке астық өткізу жөнінде бір күнге тағайындалған тапсырманы 102 процент орындады. Ал жексенбі күні мұнда 8 арбадан қызыл керуен ұйымдастырылып, дайындау орнына оңдаған центнер астық жеткізілді.

Онкүндік өткізу жөніндегі қаулы «Қарағайлы» колхозының мүшелеріне жаңа жігер берді. Колхозшылар бірінші күні астық өткізу жөніндегі күндік тапсырманы 125 процент орындады.

Бұл колхоз астық дайындау жөнінде ауданда бірінші орында келеді. Өйткені колхоз мемлекетке жоспар бойынша, 933 центнер астық тапсыруға тиіс болса, қазір 640 центнер астық тапсырып, жоспарды 68,8 процент орындап отыр. Колхоз мүшелері астық дайындаудың жылдық жоспарын онкүндік кезінде толық орындауға бел байлады. **Т. ҚӘДІРОВ.**

Таңдаулы комбайншылар

Преснов ауданының комбайншылары астықты қатарлы комбайншылардың үлгісі бойынша, егін жыйнау кезіндегі Бүкілодақтық социалистік жарысқа ұшташы өздеріне ұлғайтылған міндеттеме алған еді. Олар егін жыйнау кезінде комбайнды пәтуірлім өнімді пайдалануға, сөйтіп көп егін жыйнауға сөз берген болатын.

Қазір ауданда алған міндеттемені абайсыз орындау жолында аябай жұмыс істеп жүрген комбайншылар саны күн санап көбейе түсуде. Мәселен, комбайншы

Облысымыздың егін даласында

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 16 сентябрьге дейін облыс колхоздарында 230598 гектар егін орылып, жоспар 61 процент орындалды. Облыс бойынша соңғы бір күнде 3488 гектар егін орылды. Барлық орылған егіннің 97464 гектары комбайнмен жыйналды. 92832 гектар егін маяланды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 116471 гектар егін бастырылды.

Октябрь ауданының колхоздары барлық егіннің 68,6 процентін орып, бірінші орында, Петропавл ауданының колхоздары 68,4 процентін орып, екінші орында, Ленин ауданының колхоздары 64,9 процентін орындап, үшінші орында және Преснов ауданының колхоздары 62,4 процентін орындап, төртінші орында келеді. Бұл жұмыста әсіресе Конюхов, Булаев және Совет аудандарының колхоздары артта қалып қойды. Бұл аудандарда егін ору жоспарының орындалуы 47—54 проценттен аздап ғана асты. Соған қарамастан соңғы бір күнде Булаев ауданының колхоздарында 152 гектар, ал Конюхов ауданының колхоздарында 125 гектар ғана егін орылды.

Егін ору жоспары облысымыздың астық совхоздарында 61 процент, мал совхоздарында 72 процент орындалды.

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ. Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің 15 сентябрьдегі мәліметіне қарағанда, облысымыздың колхоздарында мемлекетке астық тапсыру жоспары 24,9 процент, Қызыл Армия қорына астық тапсыру жоспары 7,7 процент, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жоспары 28 процент және мемлекеттен алынған қарызды қайтару жоспары 62,8 процент орындалды. Қызыл Армия қорына астық тапсыру жұмысына Булаев, Конюхов, Ленин, Приешім және Совет аудандарының колхоздары әлі кіріскен жоқ.

Мемлекетке астық тапсыру жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 60,2, Октябрь ауданының колхоздары 47, Приешім ауданының колхоздары 33,7 және Совет ауданының колхоздары 30,3 процент орындады. Ал Конюхов, Ленин, Булаев және Преснов аудандарында астық тапсыру жұмысының барысы мүлде баяу болып отыр.

Астық тапсыру жоспары облысымыздың астық совхоздары бойынша 23,6 мал совхоздары бойынша 36,5 процент орындалды. Шағлы астық совхозы астық тапсыру жұмысының барысында бұрынғыша алда келеді. Мұнда жоспар 35,9 процент орындалды. Ал, мал совхоздарынан Торанғұл, Приешім және Қызылскер мал совхоздары басқаларға қарағанда үздік отыр. Бұл жұмыста әсіресе Возышен және Совет астық совхоздары, Явленка және Мамлют мал совхоздары тіпті кейін қалып қойды.

КҮЗГІ ЕГІС ЕГУ. Облыс колхоздарында 16 сентябрьге дейін 59815 гектар егіс егіліп, жоспар 59,8 процент орындалды. Күзгі егіс жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 706 гектар болды. Күзгі егіс жоспарын астық совхоздары 58 процент, мал совхоздары 30 процент орындады.

Күзгі егіс егу жоспарын орындауда Петропавл ауданы бірінші орынға ие болды. Мұнда жоспардың орындалуы 74,4 процентке жетті. Ал жоспарды 73,5 процент орындап, Булаев ауданы екінші орынға, 71,5 процент орындап, Мамлют ауданы үшінші орынға және 71,2 процент орындап, Конюхов ауданы төртінші орынға ие болды. Бұл жұмыста бұрынғыша Ленин, Соколов және Совет аудандарының колхоздары артта келеді. Бұл аудандарда жоспардың әлі күнге дейін тең жартысы да орындалған жоқ.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда 27584 гектар зябь жыртылды. Бұл—жоспардың 15,8 проценті. Зябь жырту жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 448 гектар болды. Бұл күні Соколов, Петропавл, Октябрь, Ленин және Конюхов аудандарының кол-

ОБЛЫСЫМЫЗДА

Жаз бойына 20 лагерь жұмыс істеді

Балалардың денсаулығын пәтуірлім жақсарту мақсатында, жазғы маусымда облыс бойынша 20 лагерь ұйымдастырылып болатын. Бұл лагерьлерде 2947 пионерлер мен оқушылар мәдениетті тынықты. Бұл сыяқты пионер лагерь аудандық жерлерде 2 маусым жұмыс істеп, оларда 863 бала тынықты. Қала маңындағы «Алтын күз» пионерлер лагері 4 маусым жұмыс істеді. Осы мерзім ішінде бұл лагерьде 1200 оқушы дем алды.

Мұнымен қатар Теміржол ауданында жазғы маусымда денсаулық сақтау алаңы жұмыс істеп, ол 120 баланы қамтыды.

Жаңа мал қоралары салынды

Приешім ауданының көптеген колхоздарында жаңадан мал қораларын салу жұмысы өрістей түсуде. «1 май» колхозында ағаштан 60 малдық қора, бұдан басқа өгіз қорасы салынып бітті. Жуық арада бұл колхозда 250 қозылық қораның құрылысы аяқталды. Қазір ат қорасын салу жұмысы да қызу жүргізіліп жатыр.

Сол сыяқты «Семеновод» колхозында да мал қораларын салу жұмысы айдағыдай жүргізілді. Мұнда қой қорасы, шошқа және қозы қораларының құрылысы аяқталды.

Ауданды жалпы алғанда быйылғы жылы жаңадан 28 мал қорасы салынбақ еді. Бұлардың басымы көпшілігі қазірдің өзінде салынып болды.

Ө. АЙСИНА.

Сурет көрмесі

Жақын арада Петропавл қалалық партия оқу үйінде сурет көрмесі ұйымдастырылмақ. Көрмеге «Одақтас үш мемлекеттің одағы», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғыстан кейінгі оқығалар» деген тақырыптарда салынған суреттер қойылмақ.

Көрмеге Советтер Одағының Генералиссимусы Н. В. Сталиннің, Советтер Одағының Маршалдары Ворошиловтың, Буденныйдің, Жуковтың, Рокоссовскийдің, Толбухиннің, Тимошенконың, Говоровтың, Коневтің, Вороновтың және Федоренконың суреттері қойылмақ.

С. НӘКИМОВА.

Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі секретариатының білдіруі

ЛОНДОН, 15 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігі қазіргі күнде Лондонда мәжіліс өткізудің Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі секретариатының 15 сентябрьде кешкілікте жариялаған білдіруін берді. Білдіруде Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің бүгін Францияның Сыртқы Істер Министрі Жорж Бидоның Председательлік етуімен бесінші мәжіліс өткізілгендігі айтылған.

Кеңестің келесі мәжілісі 17 сентябрьде, таң ертеңгі сағат 11 де болады.

Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі Италиямен бітім шартын жасау туралы мәселе жайында, егер оны тілөйтін болса, өз пікірлерін жазбаша түрде білдіру ұсынылған елдердің тізіміне Польшаны, Ук-

раина мен Белоруссияны қосуға кірісті. Соңғы екі мәжілістің басы көпшілігі Италияның отарлары жөніндегі мәселе арналды. Бүгін бұл мәселені Күрам Штаттарының өкілдері ұсынған жоспарды толық пайдаланып және басқа өкілдер айтқан пікірлерді еске ала отырып, егжей-тегжейіне дейін зерттеу үш Сыртқы Істер Министрлерінің орынбасарына тапсыру ұйғарылды.

Сыртқы Істер Министрлерінің орынбасарларына болатын күні туралы кейінгі қарар қабылданатын Кеңестің екінші сессиясы шақырылмастан екі апта бұрын өз ұсыныстарын қарауға тапсыру ұйғарылды.

Жапон қайраткерлерінің өзін-өзі өлтіруі

ЛОНДОН, 14 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, бүгін Тодзио кабинетіндегі денсаулық сақтау министрі Цикахико Коидзуми өзін-өзі өлтірген. Жапон үкметі Американың оккупациялау орындарына соғыс қылмысшыларының тізімінде аталған барлық адамдарды қолға беруге дайын отырғандығын мәлім-

дегеннен кейін, бірнеше минуттан Коидзуми өзін-өзі өлтірді.

Генерал Тодзио кабинетіндегі хал ағарту министрі Кунихико Хасида бұған үш ішін, қазіргі күнде «ауыр халде» ақпан көрінеді.

ТОКИО, 14 сентябрь. (ТАСС). Бүгін киода генерал Д. Тейици Хасимото өзін өзі жүрегіне оқ атып өлтірген.

Австрияда соғыс қылмысшыларына сот процессін әзірле

ВЕНА, 14 сентябрь. (ТАСС). Австрия үкметі соғыс қылмысшыларына сот процессін дайындау үшін арнаулы екі комиссия құрды. Комиссияларды заң және ішкі істер орындарының мемлекеттік секретарлары басқарады.

Комиссиялардың бірі соғыс қылмысшылары Зейс—Инкварттың, Кальтенбрундердің, Бальдур фон Ширахкен Гвиндо Шмиттің істері жөнінде хажетті материал әзірлеуге тиіс. Комиссия атқарған жұмыстың нәтижесінде айыптау қорытындысы жазы-

лып, ол одақтастар аралық комиссия немесе комиссияның келісім жасауы бойынша Норнбергтегі халықаралық сот жіберілуге тиіс.

Екінші комиссияға соғыс қылмысшылары ретінде жауапқа тартылуға тиіс адамдардың тізімін жасап, оларды стрия сотына беру тапсырылды. Бұл адамдардың қатарына негізінен Австрия провинцияларының бұрынғы гаулейтер және басқалары кіреді.

Фашистердің Венгриядағы террорлық ұйымын әшкереле

БУДАПЕШТ, 13 сентябрь. (ТАСС). Венгр баспа сөзі Петер Габор бастаған саяси полицияның фашистердің құпия ұйымын әшкерелеуі туралы егжей-тегжейлі хабарлар жариялауда.

Газет хабарына қарағанда, бұл ұйым демократиялық жолмен халық арасында наразылық туғызып, алдағы уақытта болатын парламент сайлауын болдырмай тастауды мақсат еткен. Ұйым өзінің жұмысын фашистік листовкалар таратудан бастаған. Кейбір аудандарда мекемелердің қабырғаларына үкметке және демократия

қазірдің өзінде 10 мыңнан аса лист таратқан.

7 сентябрьде саяси полицияның мүшелері бұл құпия ұйымның орталығы вешвельдені (Үлкен Будапешт ауданы) қоршауға алып, жүргізіліп жатқан мұхат үстінде ұйымның басшыларын қатты түсірді. Құпия баспахана және мылтықтар, гранаталар, ату құралдары, жағғыш заттар және бірнеше жәшік табылған қойма табылды.

Ұйымның Венгрияның Уақытша Үкметіне партия басшыларына

нап берді.

Осы сияқты, комбайншы Асадулаев және Березюк жолдастар да комбайнды өнімді пайдаланудың асқан үлгілерін көрсетіп жүр. Бұлардың екеуі де комбайнмен егін жыйнауудың жылдық жоспарын қазірдің өзінде артығымен орындады. Березюк жолдас егін жыйнауға кіріскелі 160 килограмм жанармай үнемдеді.

Бұл комбайншылар астық тапсыруды күшейту, егін ору мен майлауды аяқтау жөніндегі онкүндік кезінде бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыс істемек. Олардың көздеген мақсаты міне осы болып отыр.

Б. ЕЛЕУСИЗОВ.

Бір күнде 8 гектар

«Новая жизнь» колхозының (Петропавл ауданы) лобогрейкашылары Рамазан Доқыбаев және Рамазан Бейсекеев жолдастар өзара социалистік жарысты өрісте тө отырып, еңбек өнімін арттырып келеді. Олар күн сайын 4 гектар орнына, 6 гектар егін орып жүр.

Онкүндіктің алғашқы күні бұл таңдаушылар 8 гектар егін орып, тапсырманы 200 процент орындады. **А. СӨКЕНОВ.**

лып келді. Ол МТС-та бірінші болып, комбайнмен егін жыйнауудың жылдық жоспарын орындап шықты.

Қазір комбайншы Кукуруза жолдас Попов жолдасты қуып жетіп, басын оз

Еңбек тәртібін нығайту керек

Астық тапсыруды күшейту, егін ору мен егін майлауды аяқтау жөніндегі онкүндіктің алғашқы үш күні өтіп кетті.

Бірақ, Подудень ауданының Калинин атындағы колхоз бұл онкүндіктің алғашқы үш күнінде ешқандай нәтижеге жете алмады. Колхоз председатели Науменко жолдас егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын өткізіліп отырған онкүндіктің талабына сай ұйымдастырмады, бұл жұмыста жайбарақаттық, жауапсыздық көрсетіп, колхозшылар арасында еңбек тәртібін жолға қоймады, еңбек ұйымдастыру ісін бетімен жіберді.

Колхозда жұмыс күнінің өнімді пайдаланылуы қамтамасыз етілмеген, жұмыстың кеш басталып, ерте тоқтауына колхоз басшылары немқетті қараған.

Егін жыйнау жұмыстарында барлық

за жолдастың жұмысты өнімді істеуіне қажет болған жағдайдың бәрін жасады. Комбайн жанар және жағармайымен, сол сияқты сумен тыңғылықты қамтамасыз етіліп отырылды. **МҰХАМЕДРАҚЫМОВА.**

колхозшылар бірдей жұмыс істемейді. Кейбір колхозшылар еңбеккүн табу мәселерін орындамаған. Ал, кейбір колхозшылар егін жыйнау бойына жұмысқа қол тигізбей келеді. Бұл әсеріне колхоз басшыларының әйелдеріне арналып айтылған сөз. Дала бригадасы бригадирінің әйелі М. Пең деген 1945 жыл бойына 8 еңбек күн ғана тапты, ал дала бригадасы есен шісінің әйелі Чистякова колхоз жұмысына жыл басынан бері қатысқан жоқ.

Егер колхоз басшылары колхозшылар арасында еңбек тәртібін жолға қойып, еңбекке жарайтын барлық колхозшылардың егін жыйнауға толық қатысуын қамтамасыз етпесе, колхозда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының бұрынғыдан да мүшкіл халге ұшырайтындығы сөзсіз. **Н. ВОРОПАЕВА.**

кент, 160 центнер керосин және көп тұз, сабын, сіріңке бар.

Ауыл шаруашылық салығын мерзімінен бұрын төлеуде

Налобин советіне (Соколов ауданы) қарасты колхоздардың мүшелері тарихи ұлы жеңіспен жігерленіп, ауыл шаруашылық салықтарын мерзімінен бұрын төлеп жатыр. Мәселен, «Красный агроном» колхозының колхозшылары А. Иванова, А. Павловский және А. Синицкий жолдастар ауыл шаруашылық салығы жөнінде мемлекеттен қазірдің өзінде толық есен айырысты.

Сондай-ақ Либедковский селолық советінің қарауындағы «Красный восток» колхозының колхозшылары Евдокия Соколова және Иван Подольский жолдастар салық төлеуде басқаларға зор өнеге көрсетті. Соколова жолдас 1347 сом салықты бір күнде толық төлеп болды.

мың газеттерінің хабары бойынша, кеше соғыс трибуналында «Т» ұйымының Ремуе Пуцу және Штефанович бастаған терроршыларына сот басталды. Айыпты 33 адамды 75 адвокат қорғауда. Әртүрлі

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Аргентина теміржолшыларының қатарында 20 мың адамнан аса мүшесі бар «Темір жол бірлестігі» деген кәсіпшілер одағы үкімет бақылауындағы еңбек конфедерациясы қатарына шықты. Кәсіпшілер одағы конфедерацияны ол үкіметтің жұмысшылар қозғалысының бостандығына қарсы бағытталған көп әрекеттеріне назар аударып отырады деп айыптайды.

«Македония—Америка халық лигасының» жыл сайынғы 15-съезі өз жұмысын Лондонда атқарушы сыртқы істер министрлігі кеңесіне «бір тұтас еркін Македонияның тәуелсіздігі туралы мәселе қарау» жөнінде өтініш тапсырды.

Жауапты редактордың орынбасары **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ**

АЛМАТЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ҚАРАСТЫ ЭЛЕКТР ТЕХНИКУМЫ 1945-46 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ.

Техникумға радио арқылы байланыс жасау және сым арқылы байланыс жасау бөлімдері бар. Техникумды бітіріп шыққан адамдар электр байланысының техниктері деген атақ алады.

Радио арқылы байланыс жасау бөлімі радио хабарларын беруші және радио хабарларын қабылдаушы станциялар мен радиоландыру істері жөніндегі техниктер даярлайды. Радио арқылы байланыс жасау бөлімі бітіріп шыққан техниктер радио хабарларын беру және радио хабарларын қабылдау станцияларына, телевизия орталықтарына, студиялар мен аппараттарына қойылған орындарға, сым арқылы хабар тарату тораптарына, радио аппараттарын жасап шығаратын заводтарға, радио байланысының жаңа жабдықтарының жобасын салу, оларды құрастыру орындарына, радиоландыру орындарына және ғылыми-зерттеу лабораторияларына жұмысқа жіберіледі.

Сым арқылы байланыс жасау бөлімі орталық телефон станциялары, қала аралық телефон байланысы, аудандық телефон-телеграф байланысы жөніндегі маман техниктер дайындайды. Бұл бөлімді бітіріп шыққан техниктер телефон станцияларына, қала аралық телефон тораптарына, қалалық байланыс сымдарының орталықтарына, телефон-телеграф аппараттарын жасап шығаратын заводтарға, байланыстың

Петропавл қаласындағы жас жұмысшылар мектебі жаңа оқу жылына оқушылар қабылдайды. Оқуға өнер көзіп орындарында жұмыс істеп жүрген ер-әйелдер алынады. Мектеп жұмысына 3 рет 3 сағаттан кейіндікте жұмыс істейді.

Мектепте оқу 15 сентябрьде басталады. Оқуға кіреміз деушілер мектеп директоры

жаңа жабдықтарын құру және құрастыру, немесе олардың үлгісін түсіру орындарына және ғылыми зерттеу лабораторияларына жұмысқа жіберіледі.

Техникумда оқу орыс тілінде жүргізіледі. Техникум оқушылары Қызыл Армия қатарына шақырылудан босатылады.

Техникумға ең кен дегенде 7 кластық білімі бар ер-әйел азаматтар қабылданады. Техникумның бірінші курсына 7-класты өте жақсы деген бағамен бітіргендер, екінші курсына 9-класты бітіргендер, ал үшінші курсына 10-класты бітіргендер емтихансыз қабылданады. Оқу үлгеруші барлық оқушылар стипендиямен қамтамасыз етіледі. Қажет адамдар жатақ үймен және төсек-орынмен қамтамасыз етіледі. Техникумда асхана және көмекші шаруашылық бар. Оқу 1945 жылғы 1 октябрьде басталады.

Техникумға оқуға кірем деушілердің документтері: мектепті бітіргендігі туралы аттестат (түп нұсқасы), өмір баяны, туған жылы туралы куәлік, ден саулығы туралы анықтама және 3 фотосурет мына адреске жіберіледі:

Алматы қаласы 13. бас арықтың сыртқы дары Бстық көл көшесі. Байланыс Халық Комиссариатының электр техникумы. Телефон № 46-91. **ДИРЕКЦИЯ.**

атына мынадай куәліктерді: білім жөніндегі жұмыс істейтін орнынан куәлікті және өмір баянын қосып, өтініш беруі керек. Өтініш мектептің өзінде күн сайын кешкі сағат 8тен 8ге дейін қабылданылады.

Мектептің адресі: Сталин және Дзержинский көшелерінің мүйісінде.

Петропавл станциясының № 5 дистанциясынан 18 жастағы күрөк бие жоғалды. Көрген білгендердің жоғарыдағы адреске хабарлауы өтініледі.

№ 23 жол құрылыс учаскесіне аға бухгалтер, есепші-кассир керек. Еңбек ақы жалпы ереже бойынша төленеді.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 191-үй.

Петропавлдағы механизация оқу комбинатына бас бухгалтер, есепші, кассир, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, тәжрибелі жұмысшылар, ағаш шеберлері, үй салушылар, пешсалышылар, үй сылаушылар, жұмысшылар керек.

Жұмысқа орналасқандар жатақ үймен, төсек-орынмен және азық-түлік карточкаларымен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс жағдайы жөнінде облыстық жер бөлімінің қызметкерлер бөлімінен келіп білуге болады.

Петропавлдың № 79 фабрика-завод мектебі 1945 жылдың 1 сентябріне дейін оқушылар қабылдайды.

Мектеп слесарьлар, токарьлар және үлгі күйшілер дайындайды. Оқуға 16 жастаң асқан ер-әйел азаматтар қабылданады. Оқуға кірушілердің қолында паспортты, білімі туралы куәлік, 4 фото суреті және азық-түлік карточкаларын тапсырғандығы туралы анықтама болуы керек.

Адрес: Бостандық көшесі, 33-үй.

Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 189-үйде тұрушы Заринашвили Нина Григорьевна оның ері Марс Александровичтен айырылысатындығын білдірді.

15 сентябрьде, Петров көшесі, 75 үйдегі 4-учаскелік халық сотында қаралды.

Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің қаулысына сәйкес, Петропавл қаласында тұрушы аңшылардың тізімі қайта алынады.

Қайта тіркелушілердің қолында аңшылық билеті болуы керек. Мұндай билеті жоқтар тіркелуге келместен бұрын билет алатын болсын.

Петропавлдағы арақ-шарап зауытына түпкілкті жұмысқа бухгалтерлер, үнемшілер, пеш жағушылар, слесарьлар электр машинагерлері керек.

Жұмысқа кірем деушілердің завод дирекциясына келіп жолығуы керек.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Газ-нефть» басқармасына мұндай протекторлардың сапасын бақылаушы инженер, хатшы-машинист, үй сыпырушы және газ тасушы керек.

Жұмысқа орналасқандарға отын және 1-дәрежелі азық-түлік карточкасы беріледі.

Адрес: Петропавл қаласы, Свердлов көшесі, 20-үй. «Нефтьснаб»

Петропавл нан комбинатында бас бухгалтер, жоспарлау бөліміне бастық, шоферлер, слесарьлар, су проводшылары, электр монтерлері және пеш салушылар керек.

Петропавлдың оқушылар институты дайындау бөліміне оқушылар қабылдайды. Институтқа 8 класс көлемінде білім бар қазақтар және қазақ тілін білетін шығыс ұлттарының азаматтары қабылданады.

Оқу 1 октябрьде басталады. Оқушылар стипендиямен және асханамен жатақ үймен қамтамасыз етіледі.

Дирекция.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТЕХНИКУМЫ 1945-46 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ I ЖӘНЕ II КУРСТАРЫНА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ.

Техникумда жерге орналастыру бөлімі мен аэрофотогеодезия бөлімі бар.

Жерге орналастыру бөлімі жерге орналастырушы техниктер даярлайды. Аэрофотогеодезия бөлімі аэрофотогеодезияшы техниктер әзірлейді. Техникумда оқу мерзімі үш жыл.

Техникумға 14 жастаң 30 жасқа дейінгі ер-әйел азаматтар қабылданады. 7 кластық білімі барлар бірінші курске және 8 кластық білімі барлар екінші курске қабылданады.

Оқуға кірем деушілерден орыс тілі, математика және СССР конституциясы пәндерінен емтихан алынады. Оқу отличниктері техникумға емтихансыз қабылданады. 9 және 10-жас бітіргендер техникумның екінші курсына емтихансыз алынады. Оқушылар стипендиямен, жатақ үймен және асханамен қамтамасыз етіледі.

Оқуға кірушілердің қандай бөлімге түсетіндігі көрсетілген өтініштері техникум директорының атына жіберіледі. Өтініштермен қоса мына документтер жіберілісін: өмір баяны, білімі туралы куәлік (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлік, денсаулығы туралы анықтама. Паспортын келгенде өздері көрсетеді.

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласының бірінші учаскелік халық соты азамат Симонов Иван Сидоровичтың оның

22 сентябрьде Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 37 үйдегі 2 учаскелік халық сотында Благирев Александр Федорович әйелі Благирева Наталия Михайловна айырылысуы жөніндегі іс қаралады.

Зиянды жәндіктерге қарсы күрес бөлімі бригадир, дезинфекция жүргізуші, үй сыпырушы керек.

Адрес: Красноармейск көшесі, 1-үй.

әйелі Симонова Прасковья (Екатерина) Никандровнадан айырылысатындығын тулы өтініш тапсырды. Іс Петропавл қаланың бірінші учаскелік халық сотында қаралады.

Оқу Халық Комиссариатының Петропавл оқушылар училищесі 1945—46 оқу жылына оқушылар қабылдайды. Училище 14тен 25 жасқа дейінгі орташа білімді оқушылар қабылдайды. Оқу мерзімі 3 жыл. Училище бастауыш мектептер үшін мақсатты оқушылар әзірлейді. Ал сабақты жақсарту үлгергендер жеке пәндерден сабақ бөлініп орташа мектептерге жіберіледі.

Негізгі пәндерден «Б» баға алатын оқушылар училищеге сынақсыз алынады.

Орыс тілінен: ауызша және жазба есептен-ауызша және жазба есептен білімді. Орта мектептің 8-9 класын бітірген сынақсыз қабылданады. Училище сабақ жақсы үлгерген оқушылардың барлығы стипендиямен, нан және май карточкасымен, асхана тамағымен басқа жерлер келгендерді жатақ үймен қамтамасыз етіледі.

Оқушылар училищесіне түсем делер арыздарын дирекция атына мына делменерімен бірге жіберулері керек: 6 мн туралы куәлік, өмір баяны, ден саулығы туралы куәлік және үш суреті.

Училищенің адресі: Петропавл қаласы Коммунист көшесі, 76-үй.